

Торайғыров университеті
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университет

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QXBJ1642>**А. О. Каримова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

**ЖОО-ДА АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК
ОРТА ТУҒЫЗУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Мақалада жоғары оқу орындарында ағылшын тілі сабақтарында тілдік орта туғызу үдерісінің қадамдары зерделенген. Автордың пайымдауынша тілдік орта студенттердің коммуникативтік құзыреттігін дамытатын, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі оқытуға ынталандыратын, ағылшын тілін меңгеруге мотивацияның қалыптасуына ықпалын тигізетін, ұлттық құндылықтар мен қажеттіліктерге, болашақ кәсібіне бағдарланған құрал ретінде қарастырылады. Мақалада мемлекетіміздің орта және жоғары білім беру мекемелерінде шет тілін меңгеру талаптары мен диагностикалық тест қорытындылары берілді. Сонымен қатар, автор тілдік орта ұғымы отандық және шетел ғалымдардың еңбектерінде педагогика тұрғысынан зерттелу деңгейін анықтайды, теориялық-әдіснамалық дереккөздерге талдау жасап, ағылшын тілі сабақтарында тілдік орта туғызу үдерісінің негізгі қадамдарын атап өтеді.

Кілтті сөздер: тілдік орта, ағылшын тілі, коммуникативтік құзыреттілік, кәсіпке бағытталған оқыту, тіл меңгеру деңгейі.

Кіріспе

Мәдениеттер диалогының, мемлекеттер арасындағы экономикалық, саяси байланыстардың күшеюі шет тілдерді меңгерудің прагматикалық маңыздылығын арттырды. Қазіргі уақыттағы еңбек нарығының талаптарына зер салсақ, шет тілін жетік меңгерген, жан-жақты мамандар ардайым үлкен сұраныста. Сондықтан, шет тілдерін меңгерудің және меңгерудің оңтайлы жолдарын іздеу қазіргі заманғы педагогиканың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Шет тілдерін оқытудың мазмұны мен үдерісі тіл тасымалдаушылармен, сонымен қатар, тілдік деңгейі жоғары кез келген адаммен емін-еркін қарым-қатынас құра алуға бағытталған коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға баса назар аударады. Мұндай бағдар жеке

тұлғаның кез кеген жағдаятта диалогта қатыса алу үшін оңтайлы жағдайларды іздеуді, құруды қамтиды. Сондықтан, біздің ойымызша, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, дамытудың басты құралдардың бірі – «тілдік орта» туғызу болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Шет тілдер мамандығында оқитын студенттерді сапалы даярлаудың маңыздылығы жалпыға мәлім. Осы мақаланың көкейкестілігі қазіргі әлемде шет тілдерін меңгеруге бөлінген рөлдің арасындағы қарама-қайшылықпен және осы саладағы нәтижелердің жеткіліксіз болуымен байланысты. Атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, тіл меңгерту секілді қызметтік іс-әрекеттер нәтижеге жеткізбей келеді. Бүгінгі күнге дейін ағылшын тілін оқыту үдерісінде оның әдістемелік негіздері басымдықта болып келгендіктен, әдіснама мәселесі ескерілмей, мектеп бітірушілер 11 сынып аяқтаса да, олар басқалармен ағылшынша сөйлесімге түсе алмай келеді.

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім деңгейінде шет тілін оқытудың мақсаты оқушылардың шет тілін тасымалдаушылармен мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру және дамыту болып табылады. ЖОО-да шет тілі курсы жалпы білім беру мектептерінің 11-сынып түлектері жалпыеуропалық шкала (CEFR) [1] бойынша – B1 + B2 («Шекті деңгей 1.2») деңгейінде шет тілдік коммуникативтік құзыреттілікке ие болу керек деп болжайды [2]. Бірақ, іс жүзінде бұл олай емес. Сондықтан, зерттеу аясында біз Павлодар қаласындағы жалпы білім беру мектептерінің 75 11-сынып оқушыларының ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында диагностика тестін өткізген болатынбыз. Бұл диагностикалық тесттің нәтижелері келесідей:

2 оқушы – A1 («Breakthrough 1») деңгейінде, яғни 2,6 %;
10 оқушы – A1 («Breakthrough 1.1») деңгейінде, яғни 13,3%;

46 оқушы – A2 («Шекті деңгейге дейін 1») деңгейінде, 61,3 %;

9 оқушы – A2 («Шекті деңгейге дейін 1.1») деңгейінде, яғни 12%;


6 оқушы – A2 («Шекті деңгейге дейін 2») деңгейінде, яғни 8 %;

2 оқушы – B1 («Шекті деңгей 1») деңгейінде, яғни 2,6 %;

0 оқушы – B1 + B2 («Шекті деңгей 1.2») деңгейінде, яғни 0 %.

Алынған нәтижелердің пайыздық мөлшері №1 диаграммада келтірілген.

Диаграмма 1 – 11-сынып оқушыларының ағылшын тілін меңгеру деңгейі



Тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың көпшілігі шет тілі бойынша төмен деңгейге ие. Бұл өз кезегінде, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша ЖОО-ның түлектері жалпыеуропалық шкала (CEFR) бойынша C1 деңгейін иемдену қажет деген талаптың орындалмай отырғанның басты себептерінің бірі болып табылады [3].

Соңғы жиырма жылда Қазақстанның барлығы дерлік жоғары оқу орындары аутентивтілікке жету мақсатында «Headway», «English File», «Cutting Edge» т.б. деңгейлерге бөлінген шет мемлекеттерінің оқу құралдарымен жұмыс жасауда. Бірақ, бұл әрекет соншалықты көзге көрінерлік нәтиже берер емес. Бұған себеп жергілікті ұлттың тіл меңгерудегі фонологтық-артикуляциялық табиғи мүмкіндігі шетел авторлардың назарына ілікпей, ал мәтіндері студенттерге мүлдем тансық ақпаратты қамтитындықтан деген ойдамыз. Бұл жайт, өз орайында, студенттердің онсыз да төмен мотивациясын, одан сайын төмендетіп, оқуға деген ынтасын азайтады. Сонымен қатар, Қазақстандық аудиторияларда білім алатын студенттердің көп бөлігі кемінде екі тіл білетін (қазақ, орыс, т.б.) билингвтар болып табылады. Бұл да өз кезегінде шет тілін меңгеруге ықпалын тигізетіні сөзсіз. Бұл мәселені шешудің бірден бір жолы – қазіргі Қазақстанның болмысына, ұлттық ерекшелігіне сүйене отырып, мәтіндері шет тілін оқитын студенттердің туған елі туралы бастапқы білімін ескере отырып, екінші, үшінші т.б. тілді меңгеру механизмдерін психологиялық, педагогикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырып, заманауи ұлтқа бағдарланған оқу құралын құрастыру.

Ұлтқа бағдарланған оқу құралы деп оқушылардың ана тілі мен мәдениетін ескеру қағидаты негізінде жасалған оқу құралын атауға болады [4]. Мәтіндерге тарих, әдебиет, өлкетану, әлеуметтану курстарынан студенттердің және студенттердің жеке өмірлік тәжірибелерінен жақсы таныс ұлттық-мәдени компоненттер кіргізілуі қажет. Ал бұл компоненттерді және жалпы мәтіндердің мазмұнын студенттердің арасында жүргізілетін сауалнама негізінде таңдалып алынған, яғни олардың қызығушылығын тудыратын ақпарат болуы жөн. Өйткені, өз елінің мәдениеті, болмысы мен салт-дәстүрлері туралы білім беру студенттерді психологиялық тұрғыдан босатуға, өз қабілеттеріне сенімді болуға және тілдік кедергілерді жеңуге көмектеседі. Қолда бар білім мен тәжірибеге негізделген осындай «тыныштық», өзіне деген сенімділік – коммуникативтік құзіреттілікті дамытудағы сәттіліктің кепілі. Шет тілінің лексикалық бірліктері арқылы өз елінің ең керемет ұлттық ерекшеліктерін және ана тіліндегі аталым мен үйреншікті ұғымдарды қолдана отырып, екі елдің дәстүрлерін салыстыруға көмектеседі, сөйтіп басқа тіл туралы ғана емес, сонымен қатар мәдени және тарихи ақпарат ауқымын кеңейтеді.

Әрине, шет тілін меңгерудің ең тиімдісі – оны табиғи ортада үйрену, себебі шетелдіктермен қарым-қатынас құру кезінде тіл меңгерушінің ойлау процесстері белсендене түсіп, қолда бар білімін пайдаланғаннан басқа таңдауы жоқ [5]. Кейін тілдік дағдылары автоматтанып, тілдің жетік меңгерілуіне септігін тигізеді. Алайда, оқитын тіл елінде шет тілін оқу барлығының қолынан келмейтіні түсінікті жайт. Сол себепті, коммуникация құру үшін шет тілін пайдалану табиғи түрде және сұқбатқа түсуден басқа амалы болатындай етіп, табиғи орта жоқ жерде тілдік орта туғызу қажет. Бұл коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасып, дамуына түрткі болатыны айқын.

Тілдік орта ұғымы тілді меңгерудің ең күрделі процесстерімен, сөйлеу әрекетінің шеберлігімен, сондай-ақ, адамның тұлға ретінде дамуының барлық кезеңдерімен тығыз байланысты. Сондықтан, коммуникативтік құзіреттілікті және тілдік тұрғыда сауатты тұлғаны қалыптастыруда тілдік ортаның маңызы зор. Отандық және шетелдік әдіскерлер, лингвистика саласындағы мамандар мен педагогтар өз зерттеулерінде шет тілін оқытуда тиімді тілдік орта құру маңыздылығына әрдайым баса назар аударып, оның тиімділігі мен мүмкіндіктері туралы түрлі пікірлер білдіреді. Алайда, теориялық дереккөздерге талдау жасасақ, қазіргі заманғы тіл білімі мен лингвистикада «тілдік орта» ұғымы жан-жақты қарастырылса, ал педагогика тұрғысынан оның мазмұны мен құрылымы әлі де толық анықталмағандығын байқауға болады.

«Тілдік орта» феноменін зерттеудің көкейкестілігі оны зерттеуші өкілдердің осы құбылыстың табиғатын, типологиясын, құрылымын және басқа да компоненттерін қарастырумен түсіндіріледі. Жиналған теориялық дереккөздерге шолу жасасақ, соңғы онжылдықта ғылымда «тілдік орта» ұғымының мәнін ашуға, анықтауға, адамға шет тілдік ортада тіл меңгеру кезінде әсер ететін объективті факторларды анықтауға, шет тілдік ортада тілдің сәтті игерілуіне ықпал ететін жағдайлар мен оқу құралдарды жіктеуге бірнеше рет әрекет жасалды. Алайда, көбіне мәселенің коммуникативтік, сұқбатқа түсудің және сөйлесімдік қабілеттерді дамытудың амалдары жете зерделенбей, тек грамматикасы мен бағалануына басымдық беріліп келді. Осыған байланысты, біз осы ұғымның мазмұнын соңғы жылдарда жүргізілген бірқатар зерттеулердің мағлұматына сүйене отырып және оны осы термин мен оның әдістемелік әлеуетін әрі қарай герменевтикалық тұрғыда ағылшын тілін оқыту үдерісінде сөйлесімдік орта тұғызудың амалдарын саралау әлі күнге жеткіліксіз деңгейде жүргізіліп келеді деген ойдамыз.

Е. В. Бурвикова: «қазіргі заманда тілдік орта – тіл тасушылардың тілі мен ділін біріктіретін және оқушының шет тілін тиімді меңгеру үдерісінің қозғаушы күші ретінде қызмет ететін коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени кеңістік» – деп анықтайды [6]. Өзгеше айтқанда, тіл меңгеру үдерісінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы зор.

Шет тілін оқыту процесінде сөйлеу әрекетінің төрт түрі (оқу, жазу, сөйлеу және тындап түсіну) негізгі болып табылатыны белгілі. Бірақ, көптеген оқытушылар іс жүзінде оқу мен аударма басым болатындығын атап өтті. Ал ұсынылған модель шет тілдерін оқытудағы студенттерді коммуникацияға «итермелейтін» берілген арнайы жағдаяттар немесе қажетті мазмұнды қамтитын мәтіндер аясында тіл меңгерудегі жеті іс-әрекетті тиімді қолдану арқылы шет тілінде еркін сөйлеу дағдыларын дамытуға, әсіресе, монолог, диалог және полилог құруға бағытталған.

Кәсіби құзыреттілікті шет тілдерін меңгеру үдерісінде арттыру мәселесін қарастырғанда, ағылшын тілін қандай дәрежеде, кәсіби бағдарға қатысты қолдану қажеттілігін анықтау, диагностикалау, проектилеу секілді нәтижеге жеткізер желімен, жеті іс-әрекетті тиімді қолдану бүгінгі күннің мәселесі екені ерекше байқалды.

Кәсіби бағдарланған шет тілі пәнін оқыту барысында бүкіл оқу үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын ішкі уәжді едәуір арттыра алады. Әлеуметтік тапсырысқа негізделі отырып еліміздің барлық жоғары оқу орындары шет тілдерін оқытуға арналған жұмыс бағдарламаларын сұқбатқа түсудің пәндік лингвокәсіби мазмұн тұрғысынан оқытуды мақсат ету керек. Оқытушы мен студент шет тілін оқыту курсы

студенттің болашақ мамандығына бағытталғандығын, сәйкесінше, оның мазмұны кәсібіне қарай дұрыс таңдалуы керек екенін есте ұстауы керек. Сонымен қатар, университетте оқу кезінде алынған дағдылар мен болашақта жұмыс жасау үшін қажет деп есептелген дағдылар арасында айтарлықтай айырмашылық барын байқауға болады [7]. Сондықтан, оқу үдерісін бастамас бұрын міндеттер мен мақсаттарды айқындау кезінде әлеуетті жұмыс берушілердің түлектерге қоятын талаптары мен жұмыс бағдарламасында тұжырымдалған мақсаттар мен міндеттерді сәйкестендіру қажет. Сонымен қатар, жұмыс берушінің әлеуметтік сұранысы мен университеттің нақты ұсынысы арасындағы сәйкессіздікке байланысты, арнайы тілдік және кәсіби дағдыларды дамыту мақсатында оқу бағдарламасын қайта қарау және өзгерту маңызды.

Шет тілін оқытуда көптеген мәселелер бар, бірақ басты қиындықтардың бірі – тілдік ортаның болмауы. Өйткені, тілдік орта шет тіліне оқытудың негізгі құралы ретінде жалпыға бірдей танымал. Шет тілін оқытудың ең тиімді әдісі – табиғи тілдік ортаға енгізуді мойындау. Табиғи тілдік орта болмағандықтан, педагогтар осы тілдік ортаны барлық қол жетімді әдістермен модельдеуі керек. ЖОО қабырғасында құрылған шет тілдік орта болып табылатын жасанды жолмен жасалған жағдайда шет тілінде коммуникацияны жүзеге асыру үшін қатысушылардың сыртқы және ішкі уәждің болуы қажетті фактор болып табылады. Тілді меңгеру кезінде студенттердің уәжін күшейту үшін белгілі бір жағдайлар жасау керек. Мұндай ынталандырушы жағдайлар студент пікірталас (сөйлесім, тілдесім) тақырыбын жақсы білгенде, ол туралы ана тілінде айтып бере алатын және осы ақпаратпен өзге біреумен бөліскісі келгенде пайда болады. Бұл ретте бар дағдылар мен іскерліктерді машықтандыру және жетілдіру ғана емес, сонымен қатар жаңаларын игеру мүмкін болады.

Зерттеудің нәтижелері мен талдауы

Аталған кәсіби бағдар беру, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру жайында теориялық-әдіснамалық дереккөздерге талдау жасап, ағылшын тілі сабақтарында тілдік орта туғызу үдерісі келесі қадамдардан тұрады деп тұжырымдаймыз:

– оқытушы мен студенттер арасындағы тілдесімі (диалог, полилог) тек оқылып жүрген шет тілінде ғана жүзеге асырылады (Егер туған тіл араластырылатын болса, ол тілдік орта құрудан ауытқу болып саналады, сонымен қатар, туған тілдің қолданысын болдырмау мақсатында ымдауды, яғни, белгілі бір іс-қимылдарды пайдалануға болады);

– жаңа лексика тек контекст арқылы енгізіледі (Алдымен сөздерді контекстте қолданудың мысалдарын келтіріп, содан кейін студенттерді

өзіндік сөйлеу әрекетінде қолдана білуге үйрету қисынды. Контекст лексикалық бірліктердің жұмысының суреттемесі, сөйлесім құрудың үлгісі ретінде қызмет етеді);

– фонетика тұрғысынан сөздер түсінікті дыбысталуы керек, бірақ міндетті түрде тіл тасымалдаушылардың айтылуымен дәлме дәл емес (айтылу екпініне мән берілмуі тиіс);

– материалды енгізу дәйектілігі оңайынан қиынына деген түрде анықталады (мәтін 95 %-ға таныс лексикадан тұрып, қалған 5% жана сөздерден тұру қажет);

– ағылшын тілін үйрену үшін арнайы кеңістікті қолдану (Студенттердің ағылшын тілді ортамен жан-жақты қоршау үшін арнайы кабинет дайындап, жабдықтау өте пайдалы);

– студент пен студенттің арасында қызығушылық тудыратын тақырыптары бойынша шынайы өмірде пайда болатын жағдаяттарды коммуникация құрудың негізі ретінде қолдану (үзілістерде, асханада, қоғамдық көлікте, ойын-сауық іс-шараларына бару кезінде, мәзір таңдау кезінде және т.б.);

– визуалды көрнекілік қолдану (заттардың суреттері, тақырыптық кестелер, фотосуреттер, көрнекі ашық хаттар т.б.)

– ағылшын тіліндегі аутенттивтік материалды кеңінен қолдану (аудио, видео бағдарламалар, радио хабарлары, теледидар, бейне және фильмдерді ағылшын тілінде көріп, музыка, подкасттарды тыңдау, кітап оқу, мерзімді басылымдарды қарау).

Қорытынды

Бұл мақалада тілдік орта ұғымы, оны университет қабырғасында туғызудың жолдары және қазақстандық ЖОО жүйесінде шет тілдерін меңгеруге деген талаптары туралы негізгі әдебиеттер қарастырылды.

Қорытындылай келе, тілдік орта - білім беру ортасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығы анықталды және қазіргі қоғамның талаптары үнемі өсіп келе жатқан білім мен дағдылардың деңгейіне сай болу үшін оның мәнін түсінуді қажет етеді. Мұндай жағдайда, біздің ойымызша, тілдік орта тұжырымдамасы туралы жаңарған көзқарастарды ескере отырып, оқу құралдары мен ОӘЖ жаңа буынын құрастыру қажет.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Common European Framework of reference for languages learning, teaching, assessment. – Strasbourg : Language Policy Unit, 1986. – 261 p.

2 Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2018–2019 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. – Астана : Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 2018. – 388 с.

3 Приложение 7 к приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604 Государственный общеобязательный стандарт высшего образования [Электронный ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>.

4 **Азимов, Э. Г., Щукин, А. Н.** Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам) : словарь / Э. Г. Азимов, А. Н. Щукин. – М. : Издательство ИКАР, 2009. – 448 с. – ISBN 978-5-7974-0207-7.

5 **Захаров, Е. А.** Коммуникативное обучение иностранному языку и его практическая значимость / Е. А. Захаров // Молодой ученый. – 2016. – №5. – С. 676–679.

6 **Бурвикова, Е. В.** Русский язык в Новой Англии : опыт преподавания РКИ в университетах / Е. В. Бурвикова // Русский язык за рубежом. – 2012. – № 1. – С. 116–120.

7 **Дмитриенко, Н. А.** Формирование компетентного специалиста в процессе обучения иностранному общению / Н. А. Дмитриенко // Молодой ученый. – 2012. – № 1. – С. 83–85.

8. **Ясвин, В. А.** Образовательная среда: от моделирования к проектированию: научное издание / В. А. Ясвин. – 2-е изд. – М. : Смысл, 2001. – 365 с. – ISBN 5-89357-090-1.

9 **Асанова, Д. Н.** К вопросу об экспертизе образовательной языковой среды формирования умений и навыков самостоятельной работы студентов по иностранному языку / Д. Н. Асанова // Вестник Карагандинского университета. – 2006. – № 4. – С. 66–71.

10 **Орехова И. А.** Языковая среда. Попытка типологии. научное издание / И. А. Орехова. – М. : Педагогика, 2009. – 194 с.

11 **Бирюкова, А. Б.** Моделирование коммуникативно-речевых ситуаций при обучении русскому языку как иностранному в условиях неродной языковой среды / А. Б. Бирюкова // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2014. – № 4. – С. 34–37.

12 **Мухтарова, Н. Р.** Понятие профессионально-ориентированного обучения иностранному языку на неязыковых факультетах вузов / Н. Р. Мухтарова // Вестник МГТУ им. М. А. Шолохова. Филологические науки. – 2009. – № 2. – С. 95–102.

References

1 Common European Framework of reference for languages learning, teaching, assessment. – Strasbourg : Language Policy Unit, 1986. – 261 p.

2 Ob osobennostyah organizacii obrazovatel'nogo processa v obshcheobrazovatel'nyh shkolah Respubliki Kazahstan v 2018-2019 uchebnom godu: Instruktivno-metodicheskoe pis'mo [Peculiarities of the organization of the educational process in secondary schools of the Republic of Kazakhstan in the 2018-2019 academic year : Instructional and methodological letter]. – Astana : National Academy of Education named after I. Altynsarin, 2018. – 388 p.

3 Prilozhenie 7 k prikazu Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 31 oktyabrya 2018 goda № 604 Gosudarstvennyj obshcheobyazatel'nyj standart vysshego obrazovaniya [Appendix 7 to the order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2018 N604. State Compulsory Standard of Higher Education] [Electronic resource]. – <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>.

4 **Azimov, E. G., Shchukin, A. N.** Novyj slovar' metodicheskikh terminov i ponyatij (teoriya i praktika obucheniya yazykam): slovar'. [New Dictionary of Methodological Terms and Concepts (Theory and Practice of Language Teaching): Dictionary]. – Moscow : Publishing house IKAR, 2009. – 448 p.

5. **Zaharov, E. A.** Kommunikativnoe obuchenie inostrannomu yazyku i ego prakticheskaya znachimost'. [Communicative teaching of a foreign language and its practical significance]. In Young scientist. – 2016. – № 5. – P. 676–679.

6 **Burvikova, E. V.** Russkij yazyk v Novoj Anglii: opyt prepodavaniya RKI v universitetah. [Russian language in New England: experience of teaching RFL in universities]. In Russian language abroad. – 2012. – № 1. – P. 116–120.

7 **Dmitrienko, N. A.** Formirovanie kompetentnogo specialista v processe obucheniya inostrannomu obshcheniyu. [Formation of a competent specialist in the process of teaching foreign communication]. In Young scientist. – 2012. – № 1. – P. 83–85.

8 **Yasvin, V. A.** Obrazovatel'naya sreda: ot modelirovaniya k proektirovaniyu: nauchnoe izdanie. [Educational environment: from modeling to projecting: scientific publication] – 2nd ed. – Moscow : Smysl, 2001. – 365 p.

9 **Asanova, D. N.** K voprosu ob ekspertize obrazovatel'noj yazykovej sredy formirovaniya umenij i navykov samostoyatel'noj raboty studentov po inostrannomu yazyku [To the question of the examination of the educational language environment of the formation of skills and abilities of students' independent work in a foreign language]. In Bulletin of Karaganda University. – 2006. – №. 4. – P. 66–71.

10 **Orekhova I. A.** Yazykovaya sreda. Popytka tipologii. Nauchnoe izdanie. [Language environment. An attempt of typology. scientific publication]. – М. : Pedagogy, 2009 . – 194 p.

11 **Biryukova, A. B.** Modelirovanie kommunikativno-rechevyh situatsij pri obuchenii russkomu yazyku kak inostrannomu v usloviyah nerodnoj yazykovoy sredy [Modeling of communicative speech situations when teaching Russian as a foreign language in a non-native language environment]. In Philological sciences. Questions of theory and practice. – 2014. – № 4. – P. 34–37.

12 **Muhtarova, N. R.** Ponyatie professional'no-orientirovannogo obucheniya inostrannomu yazyku na neyazykovykh fakul'tetah vuzov. [The concept of professionally oriented teaching of a foreign language at non-linguistic faculties of universities]. In Bulletin of MSTU named after M. A. Sholokhov. Philological sciences. – 2009. – № 2. – P. 95–102.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

A. O. Karimova

Методологические основы создания языковой среды на уроках английского языка в вузе

Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 30.09.20.

A. O. Karimova

Methodological basis of creating the English language learning environment at university

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 30.09.20.

В статье изучены пути создания языковой среды на уроках английского языка в высших учебных заведениях. По мнению авторов, языковая среда рассматривается как инструмент, ориентированный на национальные ценности и потребности, будущую профессию, способствующий развитию коммуникативных компетенций студентов, стимулированию к саморазвитию и самообразованию, формированию мотивации к изучению английского языка. В статье указаны требования к уровням овладения иностранным языком в учреждениях среднего и высшего образования страны и результаты

диагностического теста. Кроме того, даны определения понятия языковой среды в трудах отечественных и зарубежных ученых с педагогической точки зрения, проанализированы теоретико-методологические источники и выделены основные этапы процесса создания языковой среды на уроках английского языка.

Ключевые слова: языковая среда, английский язык, коммуникативная компетенция, профессионально-ориентированное обучение, уровень владения языком.

The article describes the ways of creating a language immersion environment at University English language lessons. According to the authors, the language immersion environment is considered as a tool focused on national values and needs, the future profession, contributing to the development of students' communicative competence, stimulating self-development and self-education, forming motivation to learn English. The article specifies the requirements for the levels of foreign language acquisition in institutions of secondary and higher education in the country and the results of a diagnostic test. In addition, definitions of the concept of the language immersion environment in the works of domestic and foreign scientists from a pedagogical point of view are given, theoretical and methodological sources are analyzed and the main stages of the process of creating a language learning environment at English language lessons are highlighted.

Keywords: language environment, the English language, communicative competence, professionally-oriented learning, level of language proficiency.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz